Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы "Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы "Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17950884-2
Конкурстың атауы:	Услуги по обучению персонала/сотрудников
Лоттың нөмірі:	№ 88638562-ОК1
Лоттың атауы	Персонал/қызметкерлерді оқыту қызметі
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	841311.000.000001
Қызметтің атауы:	Персонал/қызметкерлерді оқыту қызметі
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	17300000
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	17300000
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 жұмыс күн ішінде
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1.1. Лоттың атауы: «Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктер, жасанды интеллект технологияларын қолдану және қазіргі заманғы білім беру тәжірибелері саласындағы біліктілігін арттыру қызметтері». 1.2. Осы техникалық ерекшелік (бұдан әрі – ТЕ) лот шеңберінде сатып алынатын қызметтің мазмұнын, ұйымдастыру тәртібін, көрсету және қабылдау мерзімдерін, сондай-ақ оны көрсету нәтижелеріне қойылатын талаптарды айқындайды. 1.3. Сатып алу нысанасы «Цифрлық диагностикалық құралды пайдалана отырып, функционалдық сауаттылықты, цифрлық құзыреттіліктерді дамыту және жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру» бірыңғай кешенді қызметі (бұдан әрі – қызмет) болып табылады. Қызмет мыналарды қамтиды: 1) бір тыңдаушыға 84 академиялық сағат көлемінде педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру (ТЕ-нің 3–6-бөлімдері); 2) тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу (ТЕ-нің 7-бөлімі); 3) оқытуға дейін және одан кейін педагогтердің кәсіби деңгейін диагностикалау, алынған білімді практикалық қолдану, білім беру көрсеткіштерін өлшеу және үлгерімді қадағалау үшін цифрлық диагностикалық құралды (бұдан әрі – ЦДҚ) ұсыну (ТЕ-нің 8-бөлімі).

Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1.1. Лоттың атауы: «Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктер, жасанды интеллект технологияларын қолдану және қазіргі заманғы білім беру тәжірибелері саласындағы біліктілігін арттыру қызметтері». 1.2. Осы техникалық ерекшелік (бұдан әрі – ТЕ) лот шеңберінде сатып алынатын қызметтің мазмұнын, ұйымдастыру тәртібін, көрсету және қабылдау мерзімдерін, сондай-ақ оны көрсету нәтижелеріне қойылатын талаптарды айқындайды. 1.3. Сатып алу нысанасы «Цифрлық диагностикалық құралды пайдалана отырып, функционалдық сауаттылықты, цифрлық құзыреттіліктерді дамыту және жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру» бірыңғай кешенді қызметі (бұдан әрі – қызмет) болып табылады. Қызмет мыналарды қамтиды: 1) бір тыңдаушыға 84 академиялық сағат көлемінде педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру (ТЕ-нің 3–6-бөлімдері); 2) тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу (ТЕ-нің 7-бөлімі); 3) оқытуға дейін және одан кейін педагогтердің кәсіби деңгейін диагностикалау, алынған білімді практикалық қолдану, білім беру көрсеткіштерін өлшеу және үлгерімді қадағалау үшін цифрлық диагностикалық құралды (бұдан әрі – ЦДҚ) ұсыну (ТЕ-нің 8-бөлімі). 1.4. ЦДҚ және оның құрамдастары оқытуға дейін және одан кейін педагогтердің білім деңгейін айқындау және өлшеу, практикалық тапсырмаларды орындау, функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмаларды қалыптастыру және қолдану, диагностикалық және жаттығу іс-шараларын өткізу, нәтижелерді талдау және педагогтер мен білім алушылардың үлгерімін қадағалау үшін пайдаланылады (4.8-тармақ, 9-кесте). 1.5. Тапсырыс беруші конкурстық құжаттамада айқындалады. Қызметті алушылар Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданының орта білім беру ұйымдары, олардың басшылары, педагогтері және білім алушылары болып табылады. 1.6. Қызметті көрсету орны: Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы. 1.7. Қызметті көрсету мерзімдері: Бағдарлама бойынша оқыту шарт жасалған күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін жүзеге асырылады. 1.8. Қызметті көрсетудің нақты көлемдері мен ұйымдастырушылық параметрлері (білім беру ұйымдарының тізбесі, тыңдаушылардың саны мен тізімдері, топтардың құрамы, оқытудың күнтізбелік кестесі) шарттың бағасы мен талаптары шегінде және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушімен келісу бойынша айқындалады. 1.9. ТЕ-де пайдаланылатын терминдер мен қысқартулар 1-кестеде келтірілген. 1-кесте. Терминдер мен қысқартулар Термин, қысқарту Мағынасы Бағдарлама қызмет шеңберінде іске асырылатын педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (ТЕ-нің 3–6-бөлімдері) ЦДҚ Өнім беруші Бағдарламаны іске асыру құралы ретінде ұсынатын, цифрлық білім беру ресурстарын, тренажерлерді, LMS және талдау модулін қамтитын цифрлық диагностикалық құрал LMS Курстар қағидаларының 2-тармағының 4) тармақшасы мағынасындағы оқытуды басқару жүйесі (Learning Management System) Курстар қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28

	қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары ЖИ стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 28 қыркүйектегі № 283-НҚ бұйрығымен бекітілген Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану стандарты Заң «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы Сатып алу қағидалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары Өнім беруші осы лот бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған тұлға Тыңдаушы Бағдарлама бойынша оқудан өтетін педагог Куратор тыңдаушылар тобын сүйемелдейтін, жұмыстарды тексеретін және кері байланыс беретін Өнім берушінің қызметкері Қима оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін айқындау үшін педагог ЦДҚ-ны пайдалана отырып өткізетін білім алушылардың диагностикалық жұмысы ЖБМ тыңдаушының жеке білім беру маршруты БҚҚ Бағдарламаның бағалау құралдарының қоры ЦБР цифрлық білім беру ресурстары ФС функционалдық сауаттылық МЖМБС мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары МОДО білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу ҰБТ ұлттық бірыңғай тестілеу PISA ЭЫДҰ-ның Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment) ЭЫДҰ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы MAIL медиа- және ЖИ-сауаттылық (Media & Artificial Intelligence Literacy) – PISA 2029 зерттеуінің бағыты БЖБ, ТЖБ бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсан бойынша жиынтық бағалау ҚМЖ сабақтың қысқа мерзімді жоспары ЕБДП Курстар қағидаларының 2-тармағының 8) тармақшасы мағынасындағы Педагогтердің бірыңғай деректер базасы ЖИ жасанды интеллект Академиялық сағат 45 минут (Курстар қағидаларының 25-тармағы) 2. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕР 2.1. Қызметтер мемлекеттік жоспарлау құжаттарын ескере отырып, 2-кестеде көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес көрсетіледі. Құжаттың көрсетілуі оның талаптарын сатып алынатын қызметтерге қолданылатын бөлігінде сақтау міндетін білдіреді және әлеуетті өнім берушілерге қосымша біліктілік талаптарын белгілемейді. Құжаттар заңдық күшінің ретімен келтірілген. 2-кесте. Нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік жоспарлау құжаттары және олар негіздейтін ТЕ ережелері № Құжат Қолданылатын ережелер Негізделетін ТЕ ережелері 1 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы 5-баптың 1-тармағының 2), 3) тармақшалары; 11-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы, 3-тармағының 1), 2) тармақшалары; 12-баптың 2, 3-тармақтары, 4-тармағының 1), 2) тармақшалары тең мүмкіндіктер және адал бәсекелестік; ресурстардың міндеттемелермен байланысы (конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптары); ТЕ-ні қазақ және орыс тілдерінде жасау; талаптардың өлшенетіндігі және тауар белгілеріне нұсқаулардың

	болмауы (10.1-тармақ) 2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы 1-баптың 38), 50-2) тармақшалары қашықтықтан оқыту (4, 5-бөлімдер); курстан кейінгі сүйемелдеу (7-бөлім) 3 «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы 7-баптың 1-тармағының 12), 13) тармақшалары; 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы; 18-баптың 1, 3-тармақтары педагогтің кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыру және біліктілікті арттыру нысандарын таңдау құқығы; курстардың тәртібі; тегін курстан кейінгі сүйемелдеу (4–7-бөлімдер) 4 «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы 12-баптың 2-тармағы; 22-баптың 1-тармағы; 25-баптың 2-тармағы ЦДҚ пайдаланушыларының дербес деректерін өңдеу, білім алушылардың деректеріне қолжетімділіктің аражігін ажырату (8.2-тармақтың 2) тармақшасы, 10.6-тармақ) 5 «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII Заңы 4-бап; 7-баптың 1-тармағы; 21-баптың 1–3-тармақтары ашықтық, пайдаланушыларды ЖИ-ді пайдалану туралы хабардар ету, синтетикалық нәтижелерді таңбалау (8.3.4-тармақша) 6 Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» Жолдауы ЖИ-ді білім беруге енгізу және педагогтерде ЖИ технологияларын қолдану дағдыларын қалыптастыру міндеттері Бағдарламаның 2-модулінің мазмұны (4.3-тармақ). Нормативтік құқықтық акт болып табылмайды және Өнім берушінің міндеттерін белгілемейді 7 «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын және орта білім беру жүйесінің инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін арттыру» 2-басымдығы функционалдық сауаттылықты дамыту; білім беру ұйымдарының интерактивті контенті бар цифрлық ресурстарға қол жеткізуі (4.2-тармақ, 8-бөлім) 8 «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы № 1274 Жарлығы 1-тармақтың 1), 4), 5), 6) тармақшалары педагогтерді ЖИ-ді қолдануға даярлау; педагогтің кәсіби қызметін алмастырмай ЖИ-ді қолдану; білім алушылардың дербес деректерін қорғау (4.3, 10.6-тармақтар, 8.3.4-тармақша) 9 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы PISA зерттеуінің нәтижелері бойынша функционалдық сауаттылық жөніндегі нысаналы индикаторлар; білім беру мазмұнын және педагогикалық тәсілдерді дамыту бағыттары педагогтерді функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға және бағалауға, диагностика нәтижелерін

	пайдалануға оқыту (4.2-тармақ, 8.3.2-тармақша) 10 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген Цифрлық трансформацияның, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы стратегиялық құжат білім беру процесін цифрландыру (8-бөлім) 11 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен бекітілген Жасанды интеллектіні дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы стратегиялық құжат ЖИ саласындағы құзыреттіліктерді дамыту (4.3-тармақ) 12 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 тамыздағы № 733 қаулысымен бекітілген Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге бағытталған 2026 – 2029 жылдарға арналған шаралар кешенді жоспары ЖИ-ді орта білім беруге енгізу және педагогтердің әкімшілік жүктемесін азайту жөніндегі іс-шаралар цифрлық және ЖИ-құралдарды қолдану, педагогтердің ЖИ-құзыреттіліктерін арттыру (4.3-тармақ, 8.3.4-тармақша). Нақты бағдарламалық шешімді сатып алу міндетін белгілемейді 13 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары 75, 76-тармақтар еңбек және материалдық ресурстардың шарт пен ТЕ бойынша міндеттемелермен байланысы (конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптары) 14 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2, 3, 4-қосымшалар (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің стандарттары) цифрлық сабақтардың, диагностикалық тапсырмалардың және оқу материалдарының МЖМБС талаптарына сәйкестігі (2.3-тармақ, 8.3.1–8.3.6-тармақшалар) 15 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 145-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) 2-тармақ; 3-тармақтың 1) тармақшасы; 20, 21-тармақтар; 23-тармақтың 2) тармақшасы; 24–28, 30, 32–35-тармақтар LMS; қашықтықтан оқыту нысаны; курстың ұзақтығы; қорытынды бағалау; сертификат және анықтама; мәліметтерді ЕБДП-ға енгізу; курстан кейінгі сүйемелдеу (4–7-бөлімдер) 16 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары курстардың білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптар бөлігінде білім беру бағдарламасы (4.7-тармақ) 17 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу

	қағидалары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 18 тамыздағы № 184 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) 6, 8, 9, 26-тармақтар 4 және 9-сыныптарға арналған МОДО тренажері (8.3.3-тармақша). ЦДҚ-ны пайдалана отырып жүргізілетін жаттығу диагностикасы көрсетілген Қағидалар мағынасындағы білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі болып табылмайды 18 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 26 ақпандағы № 99 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) тестілеудің құрылымы мен форматы бөлігінде ҰБТ-ға дайындық тренажері (8.3.5-тармақша). ЦДҚ-ны пайдалана отырып жүргізілетін сынақ тестілеуі ұлттық бірыңғай тестілеу болып табылмайды 19 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 28 қыркүйектегі № 283-НҚ бұйрығымен бекітілген Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану стандарты ЖИ-ді педагогтің бақылауымен көмекші құрал ретінде қолдану; педагогтің қатысуынсыз бағалау бойынша шешімдерді автоматты түрде қабылдауға жол бермеу жауаптарды ЖИ көмегімен алдын ала бағалау және оны педагогтің растауы (8.3.4-тармақша); Бағдарламаның 2 және 3-модульдері (4.3, 4.4-тармақтар) 20 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттар оқытуды жоспарлау, жетістіктерді бағалау, цифрлық технологияларды пайдалану және кәсіби даму бойынша педагогтердің еңбек функциялары мен дағдылары Бағдарлама модульдерінің мазмұны (6–8-кестелер) және оқытудың жоспарланатын нәтижелері (3-кесте) 2.2. Конкурстық құжаттаманы орналастыру күні және шартты орындау кезеңінде қолданыста болатын нормативтік құқықтық актілердің редакциялары қолданылады. 2-кестенің 6, 7 және 9–12-жолдарында көрсетілген құжаттар қызметтер мазмұнының стратегиялық бағдарлары ретінде ескеріледі және Өнім берушінің қосымша міндеттемелерін белгілеуге негіз болып табылмайды. 2.3. ЦДҚ-ның цифрлық білім беру ресурстары мен диагностикалық тапсырмалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (2-кестенің 14-жолы) және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қолданыстағы редакциядағы үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келуге тиіс. 2.4. 2026 жылғы 26 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев педагогтердің тамыз кеңесінде ҰБТ және PISA нәтижелеріне тоқталып, білім беру сапасы бойынша артта қалып отырған өңірлерге ерекше назар аударды. ЭЫДҰ 2026 жылғы қыркүйекте жариялаған PISA-2025 нәтижелері де өңірлер арасындағы білім беру сапасында айтарлықтай алшақтықты көрсетті. Осыған байланысты көрсетілетін қызметтер педагогтердің білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі пәндік-әдістемелік құзыреттіліктерін, сондай-ақ олардың цифрлық құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған. 3. ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ

	ЖОСПАРЛАНАТЫН НӘТИЖЕЛЕРІ 3.1. Бағдарламаның мақсаты: кіріс диагностикасын, оқытуды және курстан кейінгі сүйемелдеуді қамтитын тұтас цикл негізінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және бағалау, диагностикалық құралдар мен ЖИ технологияларын қолдану, сондай-ақ оқыту сапасын арттыру үшін диагностика деректерін пайдалану саласында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. 3.2. Бағдарламаның міндеттері: 1) кіріс диагностикасының нәтижелері бойынша педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау; 2) білім алушылардың оқу, математикалық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын, креативті ойлауын, медиа- және ЖИ-сауаттылығын қалыптастыру және бағалау әдіснамасын меңгеру; 3) контекстік тапсырмаларды, бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеуді меңгеру; 4) ЖИ-ді жауапкершілікпен және қауіпсіз пайдалану қағидаттарын сақтай отырып, сабақтарды дайындау және өткізу, бағалау кезінде цифрлық құралдар мен ЖИ технологияларын практикалық қолдануды меңгеру; 5) ЦДҚ-ны (функционалдық сауаттылық, МОДО, ҰБТ тренажерлерін) пайдалана отырып қималарды ұйымдастыру және өткізу, олардың нәтижелерін оқу мақсаттары бойынша түсіндіру және деректерді оқытуды түзету үшін пайдалану іскерлігін қалыптастыру; 6) кіріс және шығыс диагностикасының нәтижелерін салыстыру арқылы оқыту нәтижелерін өлшеу; 7) курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңінде педагогтерге қималарды өз бетінше өткізу, олардың нәтижелерін талдау және меңгерілген құзыреттіліктерді білім беру процесінде қолдану кезінде әдістемелік қолдау көрсету. 3.3. Тыңдаушылар Тұрар Рысқұлов ауданының орта білім беру ұйымдарының педагогтері болып табылады. Тыңдаушылардың тізімдерін Тапсырыс беруші ТЕ-нің 1.8-тармағына сәйкес шарт жасалған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады (тегі, аты, бар болса әкесінің аты; ұйым; пән; оқыту тілі; байланыс деректері). Тыңдаушыны ауыстыруға топтың оқуы басталғанға дейін жол беріледі. 3.4. Оқытудың жоспарланатын нәтижелері, оларды бағалау тәсілдері және қол жеткізу критерийлері 3-кестеде келтірілген. Оқыту нәтижелері ТЕ-нің 6-бөлімінде белгіленген тәртіппен бағаланады. 3-кесте. Оқытудың жоспарланатын нәтижелері № Оқыту нәтижесі (тыңдаушы біледі) Бағалау тәсілі Қол жеткізу критерийі 1 функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмаларды PISA негізі бойынша талдауды: мазмұндық және құзыреттілік саласын, контекстті және күрделілік деңгейін айқындауды 1-модульдің қорытынды тесті дұрыс жауаптардың кемінде 60 % 2 өз пәні бойынша бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар функционалдық сауаттылық бойынша 3–5 контекстік тапсырмадан тұратын блок әзірлеуді 1-модульдің практикалық жұмысы 5 критерийдің кемінде 4-еуіне сәйкестік: контекст, күрделілік деңгейіне сәйкестік, форматтардың әртүрлілігі, критерийлер мен дескрипторлар, тілдік дұрыстық 3 ЦДҚ-ны (функционалдық сауаттылық және МОДО тренажерлерін) пайдалана отырып сынып қима ұйымдастыруды және өткізуді және оның нәтижелерін оқу мақсаттары бойынша түсіндіруді 3-модульдің практикалық жұмысы: өз сыныбында қима өткізу және

	талдамалық анықтама қима кемінде бір сыныпта өткізілді; анықтамада оқу мақсаттары бойынша нәтижелер, анықталған тапшы құзыреттіліктер және оларды жою жөніндегі кемінде екі шара көрсетілген 4 анықтығын тексере отырып, оқу және бағалау материалдарын дайындау үшін ЖИ технологияларын қолдануды 2-модульдің практикалық жұмысы материал таңдалған оқу мақсаттарына сәйкес келеді; ЖИ қалыптастырған дәлсіздіктер анықталып, түзетілді; білім алушылардың ЖИ-ді қолдану режимі көрсетілген 5 интерактивті оқу материалдарын (интерактивті тапсырма, жұмыс парағы, презентация) әзірлеуді 2-модульдің портфолиосы сабақта пайдалануға жарамды кемінде 3 материал 6 білім алушылардың үлгерімін қадағалау және оқытуды түзету жоспарын жасау үшін қималар мен тренажерлердің (МОДО, ҰБТ) нәтижелері бойынша ЦДҚ талдамасын пайдалануды 3-модульдің практикалық жұмысы оқу мақсаттары бойынша нәтижелерге негізделген оқытуды түзету жоспары ұсынылды 7 цифрлық құралдар мен ЖИ технологияларын қолдана отырып, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған сабақты (сабақ фрагментін) жобалауды қорытынды жоба және оны ұсыну қорытынды жобаны бағалау критерийлері бойынша балдардың кемінде 60 % 3.5. Бағдарламаның нәтижелілік көрсеткіштері 4-кестеде келтірілген. Көрсеткіштер қабылданған тыңдаушылардың санынан есептеледі, есептілікте көрсетіледі (ТЕ-нің 9-бөлімі) және Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін пайдаланылады. Өнім беруші ТЕ-де көзделген міндеттемелерді тиісінше орындаған кезде тыңдаушыларға байланысты себептер бойынша 2 және 3-көрсеткіштерге қол жеткізбеу қызметті қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. 4-кесте. Бағдарламаның нәтижелілік көрсеткіштері № Көрсеткіш Нысаналы мәні Деректер көзі 1 Бағдарламаның толық көлемінде оқытумен қамтамасыз етілген Тапсырыс берушінің тізімдері бойынша қабылданған тыңдаушылардың үлесі кемінде 80 % LMS есебі 2 Шығыс диагностикасының нәтижелері кіріс диагностикасымен салыстырғанда оң динамикасы бар оқуды аяқтаған тыңдаушылардың үлесі кемінде 60 % динамика туралы талдамалық есеп 3 Тыңдаушыларға жүргізілген сауалнама қорытындылары бойынша оқыту сапасының оң бағаларының үлесі кемінде 60 % сауалнама нәтижелері 4. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 4.1. Оқытудың құрылымы, көлемі және нысаны 1) Оқыту еңбек қызметінен қол үзбей қашықтықтан оқыту нысанында (Курстар қағидаларының 23-тармағының 2) тармақшасы) LMS пайдалана отырып (Курстар қағидаларының 24-тармағы) жүргізіледі. 2) Бір тыңдаушыны оқыту ұзақтығы 84 академиялық сағатты құрайды (Курстар қағидаларының 25-тармағы). Әрбір тыңдаушы Бағдарламаның барлық үш модулін меңгереді (5-кесте). 3) Әрбір модуль көлемінің теориялық сабақтар (синхронды және асинхронды), өзіндік жұмыс және практикалық жұмыс арасында бөлінуі 5-кестеде белгіленген; практикалық жұмыс әрбір модуль көлемінің 50 %-ынан аспайды. 4) Оқыту тыңдаушының таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде жүргізіледі; екі тілдегі оқытудың мазмұны мен көлемі бірдей. 5-кесте. Бағдарламаның құрылымы № Модуль Барлығы, акад. сағ Теориялық сабақтар (синхронды

	және асинхронды) және өзіндік жұмыс, акад. сағ Практикалық жұмыс, акад. сағ М1 1-модуль. Функционалдық сауаттылық 36 26 10 М2 2-модуль. Білім беруде жасанды интеллектіні қолдану 40 30 10 М3 3-модуль. Цифрлық диагностикалық құралды практикалық қолдану 8 4 4 Барлығы 84 60 24 4.2. 1-модуль «Функционалдық сауаттылық» (36 академиялық сағат) Модульдің мақсаты: білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және бағалау бойынша педагогтердің құзыреттіліктерін дамыту. Практикалық сабақтар ЦДҚ-ның функционалдық сауаттылық тренажерін (ТЕ-нің 8.3.2-тармақшасы) пайдалана отырып өткізіледі: тапсырмалар блоктарын орындау және талдау, бағалау критерийлерін және білім алушылардың типтік қателерін талдау, өз тапсырмаларын әзірлеу. Модуль бес бөлімнен тұрады; әрбір тақырып бойынша тақырыптар, мазмұны, практикалық бөлігі және нәтиже критерийлері 6-кестеде келтірілген. 6-кесте. 1-модульдің тақырыптары № Тақырып Акад. сағ Мазмұны және практикалық бөлігі 1-бөлім. Функционалдық сауаттылық (6 акад. сағ) 1.1 Функционалдық сауаттылық ұғымы 2 Функционалдық сауаттылықтың оқу және өмірлік міндеттерді шешу үшін білім мен дағдыларды қолдану қабілеті ретіндегі мәні; МЖМБС-тегі және үлгілік оқу бағдарламаларындағы функционалдық сауаттылық. Практика: өз пәнінің оқу мақсаттарын функционалдық сауаттылық құрамдастарымен сәйкестендіру. Критерий: кемінде 5 оқу мақсаты функционалдық сауаттылық құрамдастарымен сәйкестендірілді. 1.2 Білім беру сапасының халықаралық зерттеулері 2 PISA-2025 және PISA 2029 циклінің MAIL бағытын қоса алғанда, PISA зерттеуінің мақсаттары, құрылымы және деңгейлері; білім алушылардың оқу жетістіктерінің ұлттық мониторингі. Практика: өз пәні бойынша жарияланған PISA-2025 және МОДО нәтижелерін талдау. Критерий: деректер көзі көрсетілген білім алушылардың кемінде 2 тапшылығы тұжырымдалды. 1.3 Функционалдық сауаттылықтың түрлері 1 Оқу, математикалық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, креативті ойлау, медиа- және ЖИ-сауаттылық; олардың мазмұндық және құзыреттілік салалары. Практика: тапсырмаларды функционалдық сауаттылық түрлері бойынша жіктеу. Критерий: ұсынылған тапсырмалардың кемінде 80 %-ы дұрыс жіктелді. 1.4 Бірінші бөлімнің қорытынды тапсырмалары 1 LMS-те автоматты түрде тексерілетін 1-бөлімнің мазмұны бойынша тест. Критерий: дұрыс жауаптардың кемінде 60 %. 2-бөлім. Оқу сауаттылығы (6 акад. сағ) 2.1 Оқу сауаттылығы ұғымы 1 PISA негізіндегі оқу сауаттылығы: ақпаратты іздеу, түсіну, бағалау және рефлексия; тұтас, тұтас емес және көптік мәтіндер. Практика: тапсырмаларда тексерілетін оқу дағдысын айқындау. Критерий: дағды 5 тапсырманың кемінде 4-еуінде дұрыс айқындалды. 2.2 Оқу сауаттылығын қалыптастыру тәсілдері 3 Оқуға дейінгі, оқу кезіндегі және оқудан кейінгі мағыналық оқу стратегиялары; тұтас емес мәтіндермен жұмыс; мәтінді түсінудің әртүрлі деңгейлеріндегі сұрақтар. Практика: мағыналық оқудың кемінде екі стратегиясын қолдана отырып сабақ фрагментін әзірлеу. Критерий: фрагментте қолданылатын стратегиялар мен тексерілетін дағдылар көрсетілген. 2.3

	Тапсырмалардың мысалдары 1 ЦДҚ тренажерінде оқу сауаттылығы бойынша PISA және МОДО форматындағы тапсырмаларды талдау; ашық жауаптарды бағалау критерийлері. Практика: тапсырмаларды орындау және білім алушылардың жауаптарын критерийлер бойынша бағалау. Критерий: тыңдаушының бағалары эталондық бағалармен кемінде 80 % жағдайда сәйкес келеді. 2.4 Екінші бөлімнің қорытынды тапсырмалары 1 2-бөлімнің мазмұны бойынша тест және мәтінге бір тапсырма әзірлеу. Критерий: дұрыс жауаптардың кемінде 60 %; тапсырма мәтінді, сұрақты және бағалау критерийлерін қамтиды. 3-бөлім. Математикалық сауаттылық (9 акад. сағ) 3.1 Математикалық сауаттылық ұғымы 1 PISA негізіндегі математикалық процестер (тұжырымдау, қолдану, түсіндіру), тапсырмалардың мазмұндық салалары мен контекстері. Практика: тапсырмаларды процестер мен мазмұндық салалар бойынша талдау. Критерий: процесс пен сала 5 тапсырманың кемінде 4-еуінде дұрыс айқындалды. 3.2 Математикалық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері 2 Контекстік есептер, шынайы жағдаяттарды модельдеу, деректермен, кестелермен және графиктермен жұмыс, алынған нәтиженің ақылға қонымдылығын бағалау. Практика: оқу есебін контекстік есепке қайта құру. Критерий: контекст пен математикалық процесс көрсетілген кемінде 2 қайта құрылған есеп. 3.3 Математикалық сауаттылықты дамыту бойынша пәндік кейстердің мысалдары 3 Математика және сабақтас пәндер материалындағы кейстер, пәнаралық байланыстар, әртүрлі күрделілік деңгейіндегі сұрақтар. Практика: өз сыныбы үшін пәндік кейс әзірлеу. Критерий: кейс шартты, әртүрлі күрделілік деңгейіндегі кемінде 3 сұрақты және жауаптар кілтін қамтиды. 3.4 Тапсырмалардың мысалдары 2 ЦДҚ тренажерінде математикалық сауаттылық бойынша PISA және МОДО форматындағы тапсырмаларды талдау; білім алушылардың типтік қателері. Практика: тапсырмаларды орындау және талдау. Критерий: кемінде 3 типтік қате және оларды болдырмау тәсілдері сипатталды. 3.5 Үшінші бөлімнің қорытынды тапсырмалары 1 3-бөлімнің мазмұны бойынша тест және контекстік есепті шешу. Критерий: дұрыс жауаптардың кемінде 60 %. 4-бөлім. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (7 акад. сағ) 4.1 Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық ұғымы 1 PISA-2025 негізіндегі жаратылыстану-ғылыми сауаттылық құзыреттіліктері: құбылыстарды ғылыми түсіндіру, зерттеуді бағалау және жоспарлау, деректер мен дәлелдерді түсіндіру. Практика: тапсырмалар тексеретін құзыреттіліктерді айқындау. Критерий: құзыреттілік 5 тапсырманың кемінде 4-еуінде дұрыс айқындалды. 4.2 Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері 3 Зерттеушілік және проблемалық оқыту, бақылау және эксперимент, деректермен жұмыс, ЦДҚ-ның виртуалды зертханалары мен симуляторлары. Практика: сабаққа арналған шағын зерттеу жоспарын әзірлеу. Критерий: жоспар болжамды, зерттеу барысын және деректерді талдау тәсілін қамтиды. 4.3 Тапсырмалардың мысалдары 2 ЦДҚ тренажерінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша PISA және МОДО форматындағы тапсырмаларды талдау; ашық жауаптарды бағалау критерийлері. Практика: тапсырмаға бағалау критерийлерін

	құрастыру. Критерий: критерийлер орындаудың кемінде 2 деңгейіне арналған дескрипторларды қамтиды. 4.4 Төртінші бөлімнің қорытынды тапсырмалары 1 LMS-те автоматты түрде тексерілетін 4-бөлімнің мазмұны бойынша тест. Критерий: дұрыс жауаптардың кемінде 60 %. 5-бөлім. Креативті ойлау (8 акад. сағ) 5.1 Креативті ойлау ұғымы 1 PISA негізіндегі креативті ойлау: әртүрлі және бірегей идеяларды ұсыну, идеяларды бағалау және жетілдіру; жазбаша және көрнекі өзін-өзі көрсету, әлеуметтік және ғылыми мәселелерді шешу салалары. Практика: тапсырмаларды салалар мен дағдылар бойынша талдау. Критерий: сала мен тексерілетін дағды 5 тапсырманың кемінде 4-еуінде дұрыс айқындалды. 5.2 Креативті ойлауды қалыптастыру тәсілдері 2 Ашық сұрақтар, ми шабуылы, ассоциациялар әдісі, жобалық тапсырмалар; сабақта идеялар ұсынуды қолдайтын орта құру. Практика: сабақ тақырыбына тәсілдерді іріктеу. Критерий: сабақ фрагментінің жоспары креативті ойлауды дамытудың кемінде 2 тәсілін қамтиды. 5.3 Креативті ойлауды қалыптастыру бойынша пәндік кейстердің мысалдары 2 Пәндік материалдағы кейстер; идеялардың әртүрлілігі мен бірегейлігінің критерийлері. Практика: ашық тапсырмасы бар пәндік кейс әзірлеу. Критерий: кейс ашық тапсырманы және оны бағалау критерийлерін қамтиды. 5.4 Тапсырмалардың мысалдары 2 ЦДҚ тренажерінде креативті ойлау бойынша PISA форматындағы тапсырмаларды талдау; ашық жауаптарды критерийлер бойынша бағалау. Практика: білім алушылардың жауаптарын бағалау. Критерий: тыңдаушының бағалары эталондық бағалармен кемінде 80 % жағдайда сәйкес келеді. 5.5 Бесінші бөлімнің қорытынды тапсырмалары 1 1-модульдің қорытынды тесті және модульдің практикалық жұмысын ұсыну: өз пәні бойынша 3–5 контекстік тапсырмадан тұратын блок. Критерий: дұрыс жауаптардың кемінде 60 %; блок 3-кестенің 2-нәтижесінің 5 критерийінің кемінде 4-еуіне сәйкес келеді. 1-модуль бойынша барлығы 36 4.3. 2-модуль «Білім беруде жасанды интеллектіні қолдану» (40 академиялық сағат) Модульдің мақсаты: педагогтің кәсіби қызметінде ЖИ технологиялары мен цифрлық құралдарды практикалық қолдануды меңгеру. Әрбір тақырыпта ЖИ-ді жауапкершілікпен және қауіпсіз пайдалану қағидаттары (деректердің құпиялылығы, академиялық адалдық, авторлық құқық, ақпараттың анықтығын тексеру) және ЖИ стандартының талаптары қаралады. Практикалық сабақтар жалпыға қолжетімді цифрлық құралдарды және ЦДҚ функцияларын (ТЕ-нің 8.3.4-тармақшасы) пайдалана отырып өткізіледі. Модульдің тақырыптары 7-кестеде келтірілген. 7-кесте. 2-модульдің тақырыптары № Тақырып Акад. сағ Мазмұны және практикалық бөлігі 2.1 Кіріспе. ЖИ-ге және оның білім берудегі мүмкіндіктеріне ену 2 ЖИ ықпалымен білім берудің өзгеруі; педагог рөлінің трансформациясы; ЖИ мұғалімнің орнын баспайтын, күнделікті міндеттердегі көмекші ретінде. Практика: ЖИ білім алушылармен жұмыс істеуге уақыт босата алатын педагог міндеттерін айқындау. 2.2 ЖИ-ді әртүрлі міндеттер үшін қолдану 4 ЖИ тілдік моделі ұғымы; ЖИ педагогке шешуге көмектесетін міндеттер; ЖИ құралдарына және генерацияланатын

	мәтіндердің, суреттердің және оқу материалдарының мысалдарына шолу. Практика: өз пәні бойынша міндеттер үшін ЖИ құралдарын таңдау. 2.3 Промпт-инжиниринг 4 ЖИ-ге сұраулар ретіндегі промпттар; түсінікті және нәтижелі сұрауларды құрастыру қағидаттары. Практика: педагогикалық міндеттер үшін сұрауларды құрастыру және нақтылау. 2.4 ЖИ көмегімен оқытуды дербестендіру 4 Білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуды дербестендіру үшін ЖИ мен сұрауларды қолдану. Практика: даярлық деңгейі әртүрлі білім алушылар үшін тапсырманы бейімдеуге сұраулар құрастыру. 2.5 Инклюзивті білім беруде ЖИ-ді пайдалану 4 Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін ЖИ мүмкіндіктері; бейімделген оқу материалдарын дайындау үшін ЖИ-ге сұрауларды қолдану. Практика: нұсқаулықты немесе оқу тапсырмасын бейімдеу. 2.6 ЖИ-ді әртүрлі пәндер мен тәжірибелерге кіріктіру 4 Мектеп пәндерінде ЖИ-ді пайдалану мысалдары: теңдеулерді сурет бойынша шешу, ғылыми процестерді визуализациялау, мәтіндерді цифрландыру, тарихи және әдеби кейіпкерлермен диалог, виртуалды экскурсиялар. Практика: ЖИ-ді пайдаланудың пәндік сценарийін әзірлеу. 2.7 Жеке ЖИ-ассистентті баптау 3 Жеке ЖИ-ассистентті педагогтің кәсіби міндеттеріне бейімдеп баптау. Практика: жеке ЖИ-ассистенттің нұсқаулығын және жұмыс сценарийін дайындау. 2.8 ЖИ көмегімен тартымдылықты арттыру құралдары 4 Білім алушылардың тартымдылығын және сабақтағы жұмыс нысандарының әртүрлілігін арттыру үшін ЖИ мүмкіндіктері. Практика: ЖИ-ді пайдалана отырып интерактивті оқу әрекетін жобалау. 2.9 ЖИ-ді пайдаланудың әдептік және құқықтық аспектілері 4 Педагогикалық қызметте ЖИ-ді қолданудың әдептік және құқықтық аспектілері, ЖИ туралы, дербес деректер туралы заңнаманың және ЖИ стандартының талаптары. Практика: педагогикалық жағдаяттарды талдау және ЖИ-ді жауапкершілікпен пайдалану қағидаларын тұжырымдау. 2.10 Оқушыларды ЖИ-мен жұмыс істеуге үйрету 4 Білім алушыларды ЖИ-мен таныстыру; оны пайдаланудың шектеулері, артықшылықтары және жаңа білім беру мүмкіндіктері; білім алушылардың ЖИ-ді қолдану режимдері. Практика: білім алушылардың ЖИ-ді қауіпсіз қолдануы жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу. 2.11 Модуль қорытындылары және келесі қадамдар 3 ЖИ-ді пайдалану тәжірибесімен алмасу, модуль қорытындыларын шығару және қорытынды тестілеу (дұрыс жауаптардың кемінде 70 %-ы кезінде сынақ). Практика: рефлексия және ЖИ-ді қолданудың келесі қадамдарын айқындау. 2-модуль бойынша барлығы 40 4.4. 3-модуль «Цифрлық диагностикалық құралды практикалық қолдану» (8 академиялық сағат) Модульдің мақсаты: педагогтерде ЦДҚ мен қазіргі заманғы білім беру тәжірибелерін оқу процесінде қолдану, олардың көмегімен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, сондай-ақ қималарды ұйымдастыру, өткізу және олардың нәтижелерін талдау дағдыларын қалыптастыру. Практикалық сабақтар ЦДҚ құрамдастарын (ТЕ-нің 8.3.1–8.3.6-тармақшалары) пайдалана отырып өткізіледі. Модульде меңгерілген дағдылар курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңінде қималарды өз бетінше өткізу үшін пайдаланылады

	(ТЕ-нің 7-бөлімі). Модульдің тақырыптары 8-кестеде келтірілген. 8-кесте. 3-модульдің тақырыптары № Тақырып Акад. сағ Мазмұны және практикалық бөлігі 3.1 ЦДҚ жұмысына кіріспе 1 ЦДҚ-ның құрылымы мен мүмкіндіктері; педагогтің, білім алушының және білім беру ұйымы әкімшісінің кабинеттері; сыныптарды қосу және білім алушыларды тіркеу; қауіпсіз пайдалану және дербес деректерді қорғау қағидалары. Практика: сыныпты ЦДҚ-ға қосу және педагогтің кабинетін баптау. 3.2 ЦДҚ мен қазіргі заманғы білім беру тәжірибелерін оқу процесінде қолдану 2 Аралас және төңкерілген оқыту; цифрлық интерактивті сабақтар мен тренажерлерді сабақта және үй жұмысында пайдалану; тапсырмаларды оқу мақсаттары бойынша іріктеу және тағайындау; сараланған оқыту және білім алушыларға кері байланыс. Практика: ЦДҚ материалдарын қолдана отырып сабақты жобалау және тақырып бойынша үй тапсырмасын тағайындау. 3.3 Функционалдық сауаттылықты дамыту және ЦДҚ-ны пайдалана отырып қимаға дайындық 2 PISA және МОДО форматындағы тапсырмалармен жүйелі жұмыс; тапсырмалардың оқу мақсаттарымен байланысы; қимаға тапсырмаларды іріктеу; ашық жауаптарды бағалау критерийлері, ЖИ көмегімен алдын ала бағалау және оны педагогтің растауы. Практика: өз сыныбында жаттығу циклін және қимаға арналған тапсырмалар жиынтығын жоспарлау. 3.4 ЦДҚ-ны пайдалана отырып қиманы ұйымдастыру және өткізу 2 Қима кезеңдері: жоспарлау, сынып пен уақытты баптау, білім алушыларға нұсқау беру, өткізу, тексеру; академиялық адалдықты қамтамасыз ету; оқу мақсаттары бойынша есептерді, типтік қателерді және қолдауды қажет ететін білім алушылар топтарын талдау. Практика: өз сыныбында қима өткізу. 3.5 Модульдің практикалық жұмысы 1 Өз сыныбындағы қима нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы және оқытуды түзету жоспарын дайындау және ұсыну (3-кестенің 3 және 6-нәтижелері). 3-модуль бойынша барлығы 8 4.5. Әдістемелік тәсілдер және білім беру технологиялары Бағдарлама мынадай тәсілдер негізінде іске асырылады: 1) әрекеттік және практикаға бағдарланған тәсіл: әрбір тақырып нәтижесі сабақта қолданылатын практикалық тапсырмамен аяқталады; 2) қалыптастырушы бағалау: бағалау критерийлері тыңдаушыға тапсырманы орындағанға дейін хабарланады, әрбір жұмыс бойынша толық кері байланыс беріледі; 3) өз тәжірибесінде оқу: тыңдаушылар әзірленген материалдарды ЦДҚ-ны пайдалана отырып өз сыныптарының білім алушыларымен сынақтан өткізеді; 4) өзара оқыту: тыңдаушылардың жұмыстарын топта берілген критерийлер бойынша талқылау және өзара бағалау; 5) төңкерілген оқыту: теориялық материал асинхронды түрде оқылады, синхронды сабақтар практикалық тапсырмаларды, сұрақтарды және типтік қателерді талдауға арналады; 6) тақырыпты меңгерудің бірыңғай циклі: тәжірибені өзектендіруге арналған кіріс тапсырмасы, теориялық блок, практикалық тапсырма, кураторның кері байланысы, рефлексия және бақылау тапсырмасы (ТЕ-нің 6.3-тармағы). 4.6. Жеке білім беру маршруттары 1) Кіріс диагностикасының (ТЕ-нің 6.2-тармағы) нәтижелері бойынша әрбір тыңдаушы үшін тақырыптарды оқудың ұсынылатын

	реттілігін, практикалық тапсырмалардың күрделілік деңгейін және практикалық жұмыстардың пәндік бағытын (бастауыш мектеп, негізгі және жоғары мектеп, тыңдаушының пәні) айқындайтын ЖБМ қалыптастырылады. 2) ЖБМ тыңдаушының LMS-тегі жеке кабинетінде жеке үлгерімімен бірге көрсетіледі және 5-кестеде белгіленген Бағдарлама көлемін өзгертпейді. 4.7. Білім беру бағдарламасына және оқу материалдарына қойылатын талаптар 1) Оқыту Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына (2-кестенің 16-жолы) және 5–8-кестелердің мазмұнына сәйкес келетін біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі. 2) Материалдар қазақ және орыс тілдерінде әзірленеді және мазмұны бойынша бірдей болады. 3) Әрбір тақырыптың материалдары бейнедәрістерді немесе сабақтардың жазбаларын, презентацияларды, бағалау критерийлері бар практикалық тапсырмаларды, әдістемелік ұсынымдарды және тест тапсырмаларын қамтиды және бірыңғай визуалды тұжырымдамада ресімделеді. 4) Бейнедәрістің бір фрагментінің ұзақтығы 20 минуттан аспайды. 5) Материалдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді және анық емес ақпаратты қамтымайды. 6) Өнім берушінің материалдарды пайдалануға құқықтары бар және ол тыңдаушыларға қызметті көрсету мерзімі ішінде оларды білім беру мақсатында пайдалану құқығын береді. 7) Материалдарда келтірілген цифрлық құралдардың мысалдары міндетті болып табылмайды; баламалы құралдарды пайдалануға жол беріледі. 4.8. ЦДҚ-ны Бағдарламада пайдалану ЦДҚ Бағдарламаның білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады: оны пайдалана отырып тыңдаушылар оқудан өтеді, практикалық тапсырмаларды орындайды, функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмаларды әзірлейді және оларды өз сыныптарының білім алушыларымен сынақтан өткізеді, қимылар өткізеді және нәтижелерді талдайды. ЦДҚ құрамдастарының пайдаланылуы 9-кестеде келтірілген; құрамдастарға қойылатын талаптар ТЕ-нің 8-бөлімімен белгіленген. 9-кесте. ЦДҚ құрамдастарының Бағдарламада пайдаланылуы ЦДҚ құрамдасы Бағдарламада және курстан кейінгі сүйемелдеуде пайдаланылуы ТЕ ережелері LMS тыңдаушыларды оқыту, ЖБМ, синхронды сабақтар, бағалау, үлгерімді есепке алу, сертификаттар 4.1, 4.6, 5, 6, 8.3.6 Функционалдық сауаттылық тренажері 1 және 3-модульдер бойынша практика; білім алушыларға қима және диагностика жүргізу (3-кестенің 3-нәтижесі); курстан кейінгі сүйемелдеу 4.2, 4.4, 7.3, 8.3.2 Жиынтық бағалау тренажері 3-модуль бойынша практика: ашық жауаптарды бағалау критерийлері, ЖИ көмегімен алдын ала бағалау және оны педагогтің растауы 4.4, 8.3.4 МОДО және ҰБТ тренажерлері 3-модуль бойынша практика: қимылар және олардың нәтижелерін талдау (3-кестенің 6-нәтижесі) 4.4, 8.3.3, 8.3.5 Талдама білім алушылардың үлгерімін қадағалау (3-кестенің 6-нәтижесі); курстан кейінгі сүйемелдеуді мониторингілеу 7.4, 8.3.6 5. ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУ 5.1. Топтарды оқытудың күнтізбелік кестесі және синхронды сабақтардың кестесі шарт жасалған күннен

